

Валюталық операцияларға 2025 жылдан бастап қойылатын жаңа талаптар

Валюталық операцияларда 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген өзгерістер

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы №40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) енгізілген өзгерістер күшіне енді.

Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - ЖТ және ЗТ) арналған негізгі өзгерістер:

1. 10 000 USD дейінгі төлем

ҚР Ұлттық Банкінде немесе уәкілетті банкте тіркелген валюталық шарттар бойынша баламасы 10 000 USD дейінгі операциялар үшін Банкке шарт ұсыну талап етіледі.

Банк төлемдерді/аударымдарды растау үшін клиенттен құжаттарды сұратуға құқылы.

2. ЗТ-резиденттер үшін шетел валютасын сатып алу

- Клиенттің теңгеге шетел валютасын сатып алу туралы барлық өтінімі бір жұмыс күні ішінде жинақталады.
- Шартсыз сатып алу лимиті - мақсаттарына қарамастан күніне 50 000 USD дейін. Лимиттен асып кету валюталық шарттың ұсынылуын талап етеді.
- Міндеттемелерге байланысты емес мақсаттар үшін (депозиттер, өтеусіз көмек, аударымдар) лимит өзгеріссіз қалады - 50 000 USD дейін.

3. Сатып алынған валютаны басқа банкке аудару

Сатып алынған валютаны аудару кезінде төлем мақсатында келесіні көрсетіңіз: сомасы, күні, сатып алу мақсаты және валюталық шарттың деректемелері (егер бар болса). Алушының банкі валютаны пайдаланудың көрсетілген мақсаттарға сәйкес келетіндігін тексереді.

Егер қаражат валюта сатып алынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде мақсатына сай пайдаланылмаса, онда Банк оны 3 күн ішінде сататын болады.